

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
060011, Атырау қ., Қазақстан Республикасы²Ш.Уәлихан атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті. Көкшетау қ.,
Қазақстан Республикасы³Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы*e-mail: erkyn5@mail.ru

ОҚУШЫЛАРҒА КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ДӘРЕЖЕСІ

Андатпа

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы білім беру жүйесінің негізгі міндетін ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, сондай-ақ ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыру және кәсіби дамыту үшін жағдайлар жасау деп айқындайды. Бұл жаңа білім беру технологияларын енгізуді, білім беруді ақпараттандыруды және жаһандық коммуникациялық желілерге қолжетімділікті қамтамасыз етуді қамтиды [1]. Қазіргі білім берудің басты мақсаты – жан-жақты дамыған, тез бейімделетін, жоғары адамгершілік қасиеттерге ие әрі бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу. Бұл мақсатқа жету үшін заманауи ғылыми және әдіснамалық білімге ие, шығармашылықты дамытуға және тиімді оқытуға қабілетті мұғалімдерді даярлау қажет. Білім мазмұнын жаңарту білім беру жүйесінің дамуындағы жаңа кезеңді білдіреді. Аталған мақалада оқушылардың кәсіби бағдарлануы мәселесінің отандық және шетелдік зерттеулердегі зерттелу деңгейі талданып, «мамандық» ұғымының педагогикалық және психологиялық мәні қарастырылады. Мақаланың мақсаты-Оқушылардың кәсіптік бағдарлауының теориялық-әдіснамалық және психологиялық-педагогикалық негіздерін талдау, оның отандық және шетелдік зерттеулерде зерттелу деңгейін анықтау, сондай-ақ білім берудің заманауи жаңартылған мазмұны мен педагог кадрларды даярлауға қойылатын талаптар контекстінде мамандық ұғымының мәнін ашу. Оқушыларға кәсіби бағдар беру мәселелерінің зерттелу дәрежесінің сипаты педагогикалық, ғылыми-әдістемелік, психологиялық теориялар мен оқыту тәжірибесінің қазіргі заманғы даму деңгейімен анықталады. Кез келген оқу әрекетінің көп факторлылығы, құрылымдық күрделілігі мен жүйелілігі зерттеушілерді ғылыми талдау пәніне оқу-тәрбие процесінің заңдылықтарын зерттеу мен анықтаудың кешенді әдістерін қолдануға міндеттейді.

Негізгі сөздер: кәсіби бағдар, педагогика, отандық ғылым, мамандық таңдау, қызығушылық, білім беру жүйесі

Кіріспе

Еңбек әрекетіндегі негізгі қызмет түрі белгілі бір білім және еңбек машықтығына қажет ететін еңбек қызметінің түрі. Бұлар жалпы және арнаулы білім алу, күнделікті тәжірибе арқылы шындалады, кәсіптің шеңберінде еңбек қызметінің неғұрлым өзіндік жағымен ажыратылатын мамандықтар қалыптасады, бірқатар кәсіптер бірнеше мамандықтар қамтиды. Жалпы «profession» ұғымын шетелдік ғалымдар көп зерттегені байқалады. Мақалада «Скопус» библиографиялық және реферативтік базасынан «profession» кілт сөзі арқылы іздеу барысында барлығы 147 850 материал табылды. Жарияланған материалдар базаның 27 саласына қатысы бар және 824 жарияланымның салалары белгісіз. Оқушыларға кәсіби бағдар берудің ғылыми педагогикалық негіздерін зерттеуде шет елдік және отандық мамандардың еңбектерін атап өтуге болады.

Отандық ғалымдар ішінде Ж. Ж. Бейсенова, Г. М. Карибава, Э. К. Қалымбетова, Мүсілімов Әли, Т.Ш. Маханов, К. Р. Исаева, Г.З. Мұхамбетжанова, М.А. Умирзакова, Р. Әбішева, М.С. Садырова, К.С. Мұхтарова, К.Н. Макашева, С.Т. Абдрахманов, Г. А. Уманов, А. П. Сейтешов, Б. Ж. Сыдықов, Л. В. Леонов, Б. А. Оспанов, Л. Х. Мажитова, Ж. Асқарова, Р. А. Озғамбаева және т.б. атап өтуге болады.

Сонымен қатар оқушыларға кәсіби бағдар берудің ғылыми педагогикалық негіздерін зерттеуде АҚШ, Ұлыбритания Ресей, Швеция, Германия, Австрия, Сингапур ғалымдарының еңбектерін атап өтуге болады. Олардың қатарында Frank Parsons, John Holland, Donald Super, Eli Ginzberg, Mark Savickas, Tony Watts, John Holland, Anna Miller,

Fredrik Hertzberg, Per-Erik Ellström, Anders Lovén, Per-Åke Rosvall, Gunilla Svingby т.б атап өтуге болады.

Сонымен қатар бұл мәселеге байланысты Ресейлік ғалымдарда қалам тартқан. Ресейлік педагогика ғылым саласында А. К. Марков, А. Сластенин, В. А. Якунин Т. Н. Галашина т.б. бар. Көріп отырғанымыздай оқушыларға кәсіби бағдар беру мәселелерінің зерттелу дәрежесі өте ауқымды [2].

Сондықтан да кәсіп ұғымының педагогикалық және психологиялық сипаттамасын толық түсіну үшін, ең алдымен осы ұғымның мәні мен мазмұнын жан-жақты айқындап алу қажет. Өйткені кәсіп – жеке тұлғаның тек еңбек қызметінің түрі ғана емес, сонымен қатар оның қызығушылығы, қабілеті, бейімділігі, өмірлік ұстанымы мен әлеуметтік ортамен байланысын сипаттайтын күрделі әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық категория болып табылады. Осыған орай, кәсіп ұғымын педагогикалық және психологиялық тұрғыдан талдау барысында оның мәнін ашатын негізгі анықтамаларға, мазмұндық ерекшеліктеріне және тұлға дамуындағы маңызына ерекше назар аудару қажет.

Кәсіп ұғымының педагогикалық сипаттамасы. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, кәсіп – білім беру үдерісінің маңызды нәтижелерінің бірі ретінде қарастырылады және тұлғаның белгілі бір еңбек қызметіне даярлығын сипаттайтын кешенді категория болып табылады. Ол кәсіби білім, білік және дағдылар жүйесін меңгеру деңгейімен қатар, тұлғаның кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуын қамтиды. Бұл тұрғыда кәсіп оқыту, тәрбиелеу және дамыту үдерістерінің бірлігі негізінде жүзеге асады.

Кәсіптік бағдар беру педагогикалық үдерістің құрамдас бөлігі ретінде оқушылардың қабілеттерін анықтауға, қызығушылықтарын дамытуға және болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға бағытталады. Зерттеушілердің пікірінше, кәсіби бағдар беру жүйесі тұлғаның еңбекке деген құндылықтық қатынасын қалыптастырып, оның қоғамдағы әлеуметтік рөлін айқындайды. Сонымен қатар, кәсіптік білім беру оқушылардың жеке мүмкіндіктері мен қоғам сұранысының өзара сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған педагогикалық механизм ретінде қарастырылады.

Кәсіп ұғымының психологиялық сипаттамасы. Психологиялық тұрғыдан кәсіп – тұлғаның ішкі психикалық ерекшеліктері мен жеке қасиеттерінің белгілі бір еңбек қызметімен сәйкестенуінің нәтижесі ретінде сипатталады. Атап айтқанда, кәсіп тұлғаның қызығушылықтары, бейімділіктері, қабілеттері, мотивтері және құндылық бағдарларының жүйесімен тығыз байланысты.

Кәсіп таңдау үдерісі тұлғаның өзін-өзі анықтауының маңызды кезеңі болып табылады. Бұл бағытта Donald Super кәсіптік дамуды өмір бойы жалғасатын процесс ретінде қарастырып, тұлғаның кәсіби өзіндік анықталуы оның өмірлік кезеңдеріне тәуелді екенін атап көрсетеді. Ал John Holland тұлғаның кәсіби таңдауы оның психологиялық типіне сәйкес жүзеге асатынын дәлелдеп, кәсіби орта мен тұлға сәйкестігін негізгі фактор ретінде қарастырады.

Сонымен қатар, Е.А. Климов кәсіпті тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруының маңызды құралы ретінде қарастырып, кәсіби өзіндік анықталу процесінде адамның ішкі мотивациясы мен әлеуметтік ортасының өзара ықпалы ерекше рөл атқаратынын көрсетеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Оқушыларға кәсіби бағдар беру мәселелерінің зерттелу дәрежесінің сипаты педагогикалық, ғылыми-әдістемелік, психологиялық теориялар мен оқыту тәжірибесінің қазіргі заманғы даму деңгейімен анықталады. Кез келген оқу әрекетінің көп факторлылығы, құрылымдық күрделілігі мен жүйелілігі зерттеушілерді ғылыми талдау пәніне оқу-тәрбие процесінің заңдылықтарын зерттеу мен анықтаудың кешенді әдістерін қолдануға міндеттейді. Сондықтан бұл зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізі жақын ғылыми салалардағы жетекші мамандардың еңбектері және ең алдымен кәсіби бағдар берудің жоғары сапалы практикалық, жеке психологиялық және әлеуметтік құбылыс ретіндегі, коммуникативті (дискурсивті) мүмкіндіктері бар қоғам туралы қазіргі заманғы философиялық көзқарастар, тұлғааралық, ұлтаралық және мәдениетаралық қарым-қатынасты жүзеге асыру мақсатында жүзеге асырылады.

Зерттеудің концептуалды идеясы оқушылардың – болашақ маман ретінде кәсіби құзыреттілігін дамытудың маңызды тиімді факторы кәсіби білім беруді ұйымдастырудың жүйелік-мақсатты принципі болып табылады, бұл білім берудің барлық түрлерін барынша қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл принципті іс жүзінде жүзеге асыру кәсіби маңызды білімді (кәсіби, психологиялық-педагогикалық пәндерде) қоршаған шындық құбылыстарының күрделілігі мен өзара тәуелділігін көрсететін тұтас жүйелі білім түрінде ұсынуға мүмкіндік береді.

Кәсіби бағдар берудің білім берудің зерттелу дәрежесін анықтау, педагогикалық және оқу дағдыларын мақсатты түрде қалыптастырып, болашақ мамандардың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыта отырып, кәсіби мотивациясын дәйекті түрде қалыптастырып нығайту болып табылады.

Нәтижелер мен оларды талқылау

1. Отандық зерттеулер

Оқушыларға кәсіби бағдар берудің ғылыми педагогикалық негіздерін зерттеуде отандық ғалымдардың еңбектерінің қатарында Ж. Ж. Бейсенованың [3], Г. М. Карибаваның [4], Э. К. Қалымбетованың [5], Мүсілімов Әлидің [6], Т.Ш. Махановтың ғылыми жұмыстары бар [7]. Бұл жұмыстарда жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзіндік анықталуындағы мамандық таңдаулары мен өзіндік бағалау ерекшеліктерін зерттеу, кәсіби іс-әрекеттің мотивациялық құрылымының ерекшеліктері, кәсіпке бейімделу мен кәсіби мәнді құндылық бағдарларды қалыптастыру ерекшеліктері, оқушыларды еңбекке даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері және болашақ кәсіптік оқыту мұғалімінің оқушыларды конструкторлық-технологиялық іс-әрекетке баулудағы кәсіби-педагогикалық іскерліктерінің жүйесін қалыптастыру проблемалары сарапталған.

Ал, К. Р. Исаева [8], Г.З. Мұхамбетжанова [9], М.А Умирзакова [10], Р. Әбішева [11] еңбектерінде кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыру мүмкіншіліктері, кәсіби бағдар беру мен кәсіби бағдар беруді тиімді ұйымдастыру, халықты жұмыспен қамту мәселелері талданады.

Қазақстан мектептерінің түлектері арасында кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша білім беру практикасы мәселелері мен шешу жолдарын М.С. Садырова, К.С. Мұхтарова, К.Н. Макашеваның ғылыми мақаласында жан жақты талданған [12].

Ғылыми монографиялық еңбектер қатарында О. З. Имангожинаның білім беруді ақпараттандыру жағдайында мектеп оқушыларын кәсіптік бағдарлау әдістемесі атты еңбекті ерекше атап өтуге болады [13].

Оқушыларға кәсіби бағдар берудің ғылыми педагогикалық негіздерін зерттеуде кәсіптік бағдар жұмысы жағдайында оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру мәселесі өзекті [14].

Отандық педагогика ғылымында үздіксіз кәсіптік білім берудің теориялық негіздерін сараптауда С.Т. Абдрахмановтың жұмысын атап өтуге болады. Автор өз жұмысында үздіксіз кәсіптік білім берудің қоғамдық қажеттіліктерді қамтамасыз етудегі рөлін, үздіксіз білім беру жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қағидаларын және орта және жоғары кәсіптік білім беруді жүзеге асыру барысы мен жоғары кәсіптік білім беруді жетілдірудің педагогикалық шарттарын талдайды.

Қазақстандық ғалым Жолмұхан Түрікпенұлының «Кәсіптік бағдар» еңбегінде кәсіптік бағдар пәнін оқу орындарында, орта мектептерде жоспарлау мен ұйымдастыру мәселелері, мектептің ата-аналармен және кәсіпорындармен бірлесіп атқаратын жұмыс түрлері жан-жақты баяндалған. Тәлім беру барысында шәкірттерді сынақтан өткізу, шыңдау жолдарын сөз еткен.

Ал, кәсіптік бағыттылықтың сабақта және оқытудың басқа формаларында ұйымдастыру мәселесін В. П. Басаргин, А. В. Мордовская, Г. Ф. Вечеренко еңбектерінде ашып көрсетеді. Ал Қазақстанда кәсіптік бағдар мәселелерімен Г. А. Уманов, А. П. Сейтешов, Б. Ж. Сыдықов, Л. В. Леонов, Б. А. Оспанов, Л. Х. Мажитова, Ж. Асқарова, Р. А. Озғамбаева және т.б. айналысты. Сонымен бірге студенттердің ұлттық киім үлгісін әзірлеу арқылы еңбекке қызығушылығын қалыптастыруға байланысты А. С. Сманованың

«Студенттердің ұлттық киім үлгісін әзірлеу арқылы еңбекке қызығушылығын қалыптастыру» еңбегін атап өтуге болады. Қоғамның даму тарихына байланысты, соған сәйкес еңбек тәрбиесі әр түрлі нысанда дамыды, жетілді, өзгерді, жаңарып отырды. Орта ғасырлық мектеп тәрбиесіне қарсы шыққан, чехтың ұлы педагогы, Я. А. Коменский (1592-1670) педагогикасының негізі-гуманизм мен демократизм болғаны педагогика тарихынан белгілі. Демек, бұл тек педагогика емес, бүгінгі қоғамды қайта құрудың басты принципі-гуманистік және демократиялық принциппен үндес болып отыр.

«Кәсіптік бағдар» түсінігі көптеген ғылыми түсініктер сияқты бір орында қалып қоймайды. Ол қоғамның мақсатының көзқарасына, тапсырмаларына, әдістеріне, формаларына, кәсіптік бағдардың мағынасына қарай дамып отырады. Бұл түсініктің өзгеруі келтірілген анықтамалармен өзара байланысты, оның әр қайсысы кәсіптік бағдардың сол немесе басқа да аспектілеріне әсерін тигізеді. Сондықтан кәсіптік бағдардың жалпы анықтамасын бермес бұрын оның негізгі 3 құраушысын нақтылап алайық: «іс-әрекет», «мамандық», «бағдар».

2. Шетелдік зерттеулер

Шет елдік зерттеулер қатарында, оқушыларға кәсіби бағдар берудің ғылыми педагогикалық негіздерін зерттеуде АҚШ, Ұлыбритания Ресей, Швеция, Германия, Австрия, Сингапур ғалымдарының еңбектерін атап өтуге болады. Олардың қатарында АҚШ Frank Parsons, John Holland, Donald Super, Eli Ginzberg, Mark Savickas, Ұлыбритани

Tony Watts т.б. бар. Бұл ғалымдар өз зерттеулерінде Frank Parsons ғылыми кәсіптік бағдарлаудың негізін қалаушы болып саналады [15]. Ол мамандық таңдаудың үштік моделін жасады: Өзін-өзі тану; Мамандықтар әлемін білу; Алдыңғы екі компоненттің логикалық сәйкестігі. Ал John Holland мансап түрлерінің алты компонентті моделінің авторы [16]. Олар: Realistic (шынайы); Investigative (зерттеу); Artistic (көркем); Әлеуметтік (әлеуметтік); Enterprising (кәсіпкерлік); Конвенция (тұрақты). Donald Super - өз жұмысында мансапты дамыту теориясын дамыта отырып, кәсіби өмірді адамның өмір жолының бөлігі ретінде қарастырады [17]. Ол мансаптық дамудың 5 кезеңін анықтады: Өсу (14 жасқа дейін); Зерттеу (15-24 жас); Орнату (25-44); Техникалық қызмет көрсету (45-64); Құлдырау / кету (65+).

Мамандықты таңдаудағы келісімге келуге байланысты Eli Ginzberg теориясын атап өткен жөн [18]. Ол мамандық таңдауда келісімге келу келесі кезеңдерді атап өтеді: Қиял (11 жасқа дейін); Сынақ (11-17 жас); Реалистік (17+).

Американдық мектепте қазіргі мансаптық құрылыс теориясының авторы Mark Savickas саналады [19]. Оның еңбегі баяндау тәсіліне негізделген: адам өзінің өмірбаяны сияқты мансап құрады. Мансап жеке тұлғаның бір бөлігі деген идеяны қолдайды.

Ал, Anna Miller мансапта өзін-өзі анықтау теориясын қалыптастырды. Кәсіби бағдар шешім қабылдау және өзін-өзі ұйымдастыру процесі ретінде қарастырылады [20].

Америкалық зерттеуші Э. Гринвуд болса өз еңбегінде кәсіптің келесі мағыналық құрамдас бөліктерін атап көрсетеді: кәсіби топ өкілдері иеленетін билік; қоғамдағы ықпалы, бедел; арнайы білімдер жүйесі; өз кәсібіне байланысты ережелер мен нормалар жүйесін бекітетін корпоративті-бюрократиялық құрылымның және кәсіпқой мамандар қауымдастығының болуы; кәсіби мәдениет.

Шет елдік зерттеушілерінің ішінде Ұлыбританиялық ғалым Tony Watts кәсіби бағдар беру мен мемлекеттік саясат арасындағы байланыс саласындағы сарапшы ретінде танылды [21]. Ол мектептердегі және білім берудің барлық деңгейлеріндегі мансаптық кеңес беру жүйесінің маңыздылығына баса назар аудару.

Кәсіптік бағдарлаудың ресейлік бағыттағы зерттеушілері қатарында Е.А. Александрович Климовты атап өту керек. Ол ресейлік кәсіптік бағдарлаудың негізін қалаушы. Өз жұмысында Е.А. Климов еңбек объектісі бойынша кәсіптердің типологиясын әзірледі. Олардың қатарында: Адам-адам; Адам-техника; Адам-табиғат; Адам-белгі жүйесі; Адам-көркем образ. Сонымен бірге ол үздіксіз процесс ретінде кәсіби өзін-өзі анықтау ұғымын енгізді. Жеке тұлғаның мамандық таңдауға психологиялық дайындығына назар аударды [22].

Ресейлік А. К. Марков болса мотивацияның мамандық таңдауға әсерін зерттеді. Кәсіби бағдарлауды жеке тұлғаны дамыту құралы ретінде қарастырды [23]. Ресейлік мамандардың ішінде мектептердегі кәсіби бағдар беру жұмысының педагогикалық негіздері мен оқу процесіне кәсіптік бағдарлауды интеграциялау модельдерін әзірлеген В. А. Сластенин [24]. Ал В. А. Якунин кәсіби таңдаудың әлеуметтік-психологиялық аспектілерін зерттеді [25]. Кәсіби өзін-өзі анықтаудың әлеуметтік шарттылығы ұғымын енгізді

Ресей педагогикасында кәсіби таңдауға дайындықты кезең-кезеңімен қалыптастыру тұжырымдамасының авторы ретінде Т. Н. Галашина танылған. Ол мектептер мен колледждерде кәсіптік кеңес беру бағдарламаларын әзірледі. Ресейде білім беру және еңбек нарығының байланыс маманы мәселесі де өзекті бағыт болып саналады. Жастарды жұмыспен қамту контекстінде кәсіптік бағдарлаудың тиімділігі маңызды [26].

Батыстық мектептер қатарында оқушыларға кәсіби бағдар берудің ғылыми педагогикалық негіздерін зерттеуде Швециялық ғалымдардың үлесі зор. Шведтік мамандар қатарында Fredrik Hertzberg, Per-Erik Ellström, Anders Lovén, Per-Åke Rosvall, Gunilla Svingby т.б. атап өтуге болады. Олар өз еңбектерінде жастарға, мигранттарға және осал топтарға арналған білім беру әділдігін, кәсіби бағдарлауды; көпмәдениетті мектептердегі жастардың мансабын; мигранттарды білім беру жүйелеріне біріктіру; өмір бойы оқыту мен кәсіби бағдар арасындағы байланыс, жұмыс ортасында құзыреттілікті дамыту; Швециядағы кәсіби бағдар беру тарихы мен саясаты, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы; ауылдық аймақтардағы кәсіптік бағдар, әлеуметтік шығу тегі мен білім беру саясатының мамандық таңдауға әсері; кәсіби дағдыларды бағалау және дамыту, мектептен кәсіптік білімге көшу; кәсіби құзыреттілікті бағалау құралдарымен де жұмыс т.б өзекті тақырыптарды көтереді.

Шет елдік зерттеу орталықтарының арасында Германия ғалымдарының орны бөлек. Неміс ғалымдары Феликс Раунер (Felix Rauner), Сусанна Краац (Susanne Kraatz), Маттиас Рюбнер (Matthias Rübner), Питер Ф. Э. Слоан (Peter F. E. Sloane), Тильман Грюненберг (Tillmann Grüneberg) т.б. бар.

Феликс Раунер (Felix Rauner) Бремен университеті жанындағы «Технология және білім Институтының (ITW)» енгізін салушы. Дуальды білім беру, кәсіби оқытудағы құзыреттіліктердің халықаралық салыстырмалы диагностикасы, жұмыс ортасын бірлесіп жобалау тұжырымдамасының авторы [27].

Европадағы кәсіби бағдарлауды цифрландыру, мансап бойынша консультанттарды кәсібилендіру, цифрлық трансформация жағдайында кадрларды оқыту мен даярлаудағы өзгерістер мәселесін терең қарастырған Сусанна Краац (Susanne Kraatz) [28]. Ал кәсіби бағдарлауды цифрландыру, мансап бойынша консультанттарды кәсібилендіру, цифрлық трансформация жағдайында кадрларды оқыту мен даярлаудағы өзгерістерге байланысты зерттеулер бар.

Неміс ғалымдарының ішінде кәсіби білім берудегі оқыту және оқыту модельдері, құзыреттерді оқу жоспарларына интеграциялау және оқытушыларды кәсіптік даярлау мәселесін зерттеген Питер Ф. Э. Слоан (Peter F. E. Sloane) [29].

Кәсіби бағдар беру, дарындылық, мансап бойынша кеңес беру және жастардың кәсіби бағдары, отбасылық жағдайдың кәсіби құзыреттілікке әсері, кәсіби таңдаудағы гендерлік аспектілерді зерттеген ғалымдар Тильман Грюненберг (Tillmann Grüneberg) мен Элизабет Понокни-Селигер (Elisabeth Ponocny-Seliger) [30].

Шет елдік зерттеулердің қатарында Австрия ғалымдар мектебінің орны бөлек. Олардың қатарында Элизабет Понокни-Селигер (Elisabeth Ponocny-Seliger), Михаэль Штрац (Michael Schratz), Эльке Грубер (Elke Gruber), Фабиан Штаудингер (Fabian Staudinger) атап өтуге болады [31]. Бұл авторлар өз жұмыстарында педагогикалық басшылықты кәсібилендіру, мектептер мен оқытуды дамыту, білім беру сапасы; кәсіби бағдар, технологиялық өзгерістердің еңбек нарығына әсері, білім берудің әлеуметтік философиясы; кәсіби бағдар, кәсіби оңалту, технологияның жұмыс дағдыларына әсері; кәсіби бағдар,

кәсіптік білім беру және оқыту, білім берудің әлеуметтік тарихы; мектептердегі кәсіби бағдар, кәсіптік бағдар берудегі тұрақты даму проблемаларын зерттеген.

Азия мен Шығыс ғалымдарының қатарында біздің тақырып бойынша Сингапур мен Түркия мамандарын атап өтуге болады.

Сингапурлық мектеп қатарында Австралиялық психотерапия мен кеңес беру колледжінің профессоры «Кәсіби бағдар беру, мансапты дамыту, психотерапия, кеңес беру» еңбегін атап өтуге болады. Сонымен бірге Сингапурлық ғалым Питер Хор Син Ёу (Peter Khor Sinn Yeou) Жоғары сыныптарда кәсіби бағдар беру, оқушыларды еңбек өміріне дайындау проблемасын сараптаған. Ал философия докторы Джиа Вэнь Хэ (Jia Wen He) мектептегі кәсіби бағдар беру бағдарламалары, мұғалімдерді қабылдау, интерпретациялық зерттеулері бар.

Түркиялық мамандар қатарында Нуртен Караджан-Özdemir (Nurten Karacan-Özdemir) мен Эрсой Чаркыты (Ersoy Çarkıt) өз еңбектерінде кәсіби бағдар беру, STEAM-мансап, көпмәдениетті кеңес беру, кәсіптік бағдар беруде жасанды интеллектті пайдалану мәселесі мен кәсіби бағдар беру, мансаптық кеңес беру, мектеп кеңесшілерінің кәсіби күйіп қалуын талдаған [32].

Қорытынды

Отандық және шетелдік зерттеулерді талдай келе оқушыларға кәсіби бағдар берудің ғылыми педагогикалық негіздері жан-жақты сарапталғандығын атап өту керек.

Мәселе Donald Super негізгі идеясы – кәсіптік даму тұлғаның бүкіл өмір кезеңдерін қамтитын үздіксіз процесс. Ол «life-span, life-space» тұжырымдамасы арқылы кәсіби өзін-өзі анықтау адамның жас ерекшеліктеріне, әлеуметтік рөлдеріне және өмірлік тәжірибесіне тәуелді екенін дәлелдейді. Яғни, кәсіби бағдар беру – бір реттік әрекет емес, жүйелі әрі кезеңдік процесс.

Ал John Holland - тұлғаның кәсіби таңдауы оның психологиялық типіне сәйкес жүзеге асады деп дәлелдейді (RIASEC моделі). Кәсіби бағдардың тиімділігі тұлға мен кәсіби орта арасындағы сәйкестік деңгейіне байланысты.

Ресей зерттеушісі Евгений Климовтың пікірі кәсіп таңдауда «адам – еңбек объектісі» жүйесі маңызды. Ол кәсіптерді 5 типке бөліп (адам–адам, адам–табиғат, адам–техника, адам–белгі жүйесі, адам–көркем бейне), кәсіби бағдар берудің ғылыми негізін қалыптастырды. Кәсіби бағдар – тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін еңбек мазмұнымен сәйкестендіру үдерісі. Сонымен бірге Ресейлік Александр Леонтьев өзінің ойын кәсіби таңдау адамның іс-әрекеті мен мотивациялық құрылымына байланысты қалыптасады деп дәлелдейді. Яғни, кәсіп – тұлғаның жетекші іс-әрекетінің нәтижесі. Ресей ғалымдарының ішінде бұл мәселе жөнінде Сергей Рубинштейн тұлға іс-әрекет барысында қалыптасады, сондықтан кәсіби бағдар беру процесі оқушының белсенді әрекетімен тығыз байланысты болуы қажет деп дәлелдейді. Кәсіби өзін-өзі анықтау – тұлға дамуының ажырамас бөлігі.

Қазақстандық ғалымдар кәсіби бағдар беру жүйесі ұлттық білім беру мазмұнымен, еңбек нарығы сұранысымен және оқушылардың жеке ерекшеліктерімен үйлесімді болуы тиіс деп санайды. Кәсіби бағдар беру – педагогикалық қолдау мен әлеуметтік бейімдеудің маңызды тетігі. Дегенменде егеменді еліміздің жаңа жағдайында орта және жоғары мектептердегі білім беруді реформалауға бағытталған және оқушыларға кәсіби бағдар беру мәселесі әліде жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Қазіргі кезеңде оқушыларға сапалы білім беру мен саналы тәрбие қалыптастыру әрбір педагогтың алдына қойылатын негізгі мақсаттардың бірі болып табылады. Ал енді білім мен тәрбие беру сонымен қатар оқушыларға кәсіптік білім беру көптен қолға алынып жүр. Оқушылар мектепті бітіргеннен кейін белгілі бір кәсіп иесі болу керек. Бірақ оны іске асыру үшін және кәсіптік мамандық игермес бұрын кәсіптік бағдар жұмыстарына үлкен көңіл бөлу қажет. Оқушыларға кәсіби бағдар беру және болашақ мамандығын анықтап алуға ықпал жасау мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі. Сондықтан психология мен педагогикада осы мәселеге үлкен көңіл аударылады. Әр мектептің оқушыларды

мамандыққа баулу және кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары құрылып, оны жүзеге асыруға психологтың қосатын үлесі мол болуға тиіс.

Қорыта келгенде, оқушыларға кәсіби бағдар беру – тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауына бағытталған күрделі, көпқырлы және үздіксіз үдеріс болып табылады. Ол тұлғаның жас ерекшеліктерін, психологиялық қасиеттерін, әлеуметтік ортасын және қоғамның сұраныстарын ескере отырып ұйымдастырылуы тиіс. Сонымен қатар, кәсіби бағдар беру жүйесі қазіргі білім беру талаптарына сәйкес жаңартылып, оқушылардың кәсіби әлеуетін толық ашуға және олардың қоғамдағы өз орнын табуына мүмкіндік беретін тиімді механизм ретінде қарастырылуы қажет. Осыған орай, бұл мәселе болашақта да терең ғылыми зерттеулерді қажет ететін өзекті бағыттардың бірі болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы : - 2010. - 6 б.
- 2 Super D. E. A life-span, life-space approach to career development // Career choice and development. - San Francisco: Jossey-Bass. 1990. P. 197–261.
- 3 Бейсенова Ж.Ж. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзіндік анықталуындағы мамандық таңдаулары мен өзіндік бағалау ерекшеліктерін зерттеу. Психология ғылымдарының канд.диссерт // Ж.Ж.Бейсенова; М.О.Әуезов атын. Оңтүстік Қазақстан мем. Ун-ті; Ғыл.жет.:Жақыпов С.М., Бердібаева С.К.- Алматы: - 2004. – Б 23-25
- 4 Карибаева Г. М. Кәсіби іс-әрекеттің мотивациялық құрылымының ерекшеліктері : психология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация / Г. М. Карибаева ; ғылыми жетекші С. М. Жақыпов. - Алматы -2003. - 145 б.
- 5 Қалымбетова Э.К. Кәсіпке бейімделу мен кәсіби мәнді құндылық бағдарларды қалыптастыру ерекшеліктері. Психол.ғыл.канд...дис. Э.К.Қалымбетова; Әл-Фараби атын. Қаз.ұлттық ун-ті;ғыл.жетекші Жақыпов С.М.-Алматы: -2005.-148 б.- Библиогр.: - Б.117-124.
- 6 Мүсілімов Әли. Оқушыларды еңбекке даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері. Педагогика ғыл.д-ры дис./Ә.Мүсілімов; Қазақтың Ы.Алтынсарин атын.білім.акад: Ғыл.кеңесші Момынбаев Б.К.-Алматы: -2003. - 350 б.
- 7 Маханов Т. Ш. Болашақ кәсіптік оқыту мұғалімінің оқушыларды конструкторлық-технологиялық іс-әрекетке баулудағы кәсіби-педагогикалық іскерліктерінің жүйесін қалыптастыру: Пед.ғыл.канд...дис/ Т.Ш.Маханов. М.О.Әуезов атын. Оңтүстік Қазақстан мем университеті. Ғыл.жет: Мұсабеков О.Ү, Камалов Ю.Н. – Астана: -2010.- 195 б.
- 8 Исаева К.Р Кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыру мүмкіншіліктері // Қ. Р. Исаева, Д. К. Бакей / ҚарМУ хабаршысы. Педагогика сериясы. Вести.ҚарГУ.Сер.педагогика.- №3(43) - 2006 - Б.18-23.
- 9 Мұхамбетжанова Г.З.Кәсіби бағдар беру//Г.З.Мұхамбетжанова. Білім-Инфо.- №1-2.-2008 - Б. 48-51
- 10 Умирзакова М.А. Кәсіби бағдар беруді тиімді ұйымдастыру-халықты жұмыспен қамтудың бір бағыты ретінде// М.А.Умирзакова. Изденіс.Гуманитарлық ғылымдар сериясы. Поиск.Серия гуманитарных наук.- №4.- 2012.- Б.43-47
- 11 Әбішева Р. Кәсіби бағдар берудің көшбасшысы// Р.Әбішева. Айқын.- №39.-2017 - 5 б.
- 12 Садырова М. С., Мухтарова К. С., Макашева К. Н. Қазақстан мектептерінің түлектері арасында кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша білім беру практикасы: мәселелері мен шешу жолдары //Journal of Educational Sciences - 2024. - Б. 2520-2634
- 13 Методика профессионального ориентирования школьников в условиях информатизации образования: монография / О. З. Имангожина. Рос. акад. естествознания, Издат. дом Акад. Естествознания. Нац. акад. образования им. И. Алтынсарина. - Москва : Изд. дом Академии естествознания, - 2015. - 147 с., ил.; . - Библиогр.: С. 137-145.
- 14 Кәсіптік бағдар жұмысы жағдайында оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру мәселесі // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL: Series Pedagogical Sciences, - 2024. Complementary Index. Авторы: Нуркенова, Г. К., Гелишли, Ю., Мамерханова, Ж. М. - 89 б.
- 15 Frank Parsons. Choosing a vacation Бостон: Houghton Mifflin, 1909. – 165 p.
- 16 John Holland. Making a vocational choice– Englewood Cliffs, NJ: Prentice-Hall, 1973. – 160 p.
- 17 Donald Super. The psychology of careers– Нью-Йорк: Harper & Brothers, 1957. – 347 p.
- 18 Eli Ginzberg. Occupational choice *An approach to a general theory.* – Нью-Йорк: Columbia University Press, 1951. – 220 p.
- 19 Savickas M. L. Career construction theory // Career development and counseling: Putting theory and research to work / ed. by S. D. Brown, R. W. Lent. - Hoboken, NJ: John Wiley & Sons, 2005. - P. 42–70
- 20 Anna Miller. Learning, decision, making Miller-Tiedeman, A. Career decision making and its evaluation. *Journal of Career Education.*,. № 5(4), 1979- P.15–20.

21 Tony Watts. Career guidance and public Policy, Watts, A. G. Career guidance and public policy. In B. Hiebert & J. Borgen (Eds.), *Career guidance and public policy: Bridging the gap* 2005. P.44–53.

22 Климов Е. А. Психология профессионального самоопределения, 4-е издание. Москва: Академия, 2010. 10-с

23 Марков А.К. Формирование мотивации учения в школьном возрасте: Пособие для учителя. - М.: Просвещение, 1983. - 96 с.

24 Сластенин В. А. Педагогика: Учебник и практикум для вузов 3-е издание, переработанное и дополненное. Москва: Издательский центр «Юрайт», -2025 года. Общий редактор - В. А. Сластёнин. P.100-105

25 Якунин В. А. Психологические проблемы профессионального самоопределения // *Вестник ЛГУ*. - 1986. - Сер. 6 (Психология, педагогика), вып. 3.с. - С.89-95

26 Батышев С. Ю. Реформа профессиональной школы: Опыт, поиск, задачи, пути реализации. Москва: Высшая школа, -1987. 340 с.

27 Felix Rauner. Grundlagen beruflicher Bildung - Mitgestalten der Arbeitswelt. 2017. 89-p; Berufliche Kompetenzdiagnostik mit COMET 2018; Measuring and Developing Professional Competences in COMET 2021. - 100 p.

28 Susanne Kraatz. Career guidance in the digital context: trends in Germany» 2021. - P.56-61.

29 Peter F. E. Sloane. Modellversuchsforschung - Überlegungen zu einem wirtschaftspädagogischen Forschungsansatz. 1992. - 123 p.

30 Tillmann Grüneberg. Begabung und Studienwahl. Элизабет Понокни-Селигер (Elisabeth Ponocny-Seliger). PIAAC-Studie: Einfluss von Kindern auf berufliche Kompetenzen. 2014. P. 55-60

31 Elisabeth Ponocny-Seliger - 'Technical Communication in Assembly Instructions' *Journal of Business and Technical Communication* 2016. P. 55-60

32 Nurten Karacan-Özdemir; Ersoy Çarkıt - Karacan Özdemir, N. Qualitative exploration of career adaptability of Turkish adolescents. *Australian Journal of Career Development*, № 28(2). 2019. P. 62-70

УРОВЕНЬ ИССЛЕДОВАННОСТИ ПРОБЛЕМ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ОРИЕНТАЦИИ УЧАЩИХСЯ

Аннотация

Закон Республики Казахстан «Об образовании» определяет основную задачу системы образования как создание условий для формирования и профессионального развития личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, а также достижений науки и практики. Это включает в себя внедрение новых образовательных технологий, информатизацию и доступ к глобальным коммуникационным сетям [1]. Основная цель современного образования - воспитать всесторонне развитую, легко приспосабливающуюся, высоко нравственную и конкурентоспособную личность. Для достижения этой цели требуется подготовка учителей, обладающих современными научными и методологическими знаниями, способных развивать творческий подход и эффективное обучение. Переход на обновленное содержание образования отражает новый этап в развитии системы образования. В данной статье анализируется уровень исследований по профессиональной ориентации учащихся в отечественных и зарубежных исследованиях и рассматривается педагогическая и психологическая сущность понятия профессии. Цель статьи — проанализировать теоретико-методологические и психолого-педагогические основы профессиональной ориентации учащихся, определить уровень её изученности в отечественных и зарубежных исследованиях, а также раскрыть сущность понятия профессии в контексте современного обновлённого содержания образования и требований к подготовке педагогических кадров. Характер и степень исследования вопросов профессиональной ориентации учащихся определяются современным уровнем развития педагогических, научно-методологических, психологических теорий и педагогической практики. Многофакторность, структурная сложность и системный характер любой образовательной деятельности обязывают исследователей применять к предмету научного анализа комплексные методы изучения и выявления закономерностей образовательного процесса.

Ключевые слова: профессиональная ориентация, педагогика, отечественная наука, выбор профессии, интерес, система образования.

THE LEVEL OF RESEARCH ON THE PROBLEM OF STUDENTS' CAREER GUIDANCE

Abstract

The Law of the Republic of Kazakhstan “On Education” defines the main task of the education system as creating conditions for the formation and professional development of личности based on national and universal values, as well as the achievements of science and practice. This includes the introduction of new educational technologies, informatization, and access to global communication networks [1]. The primary goal of modern education is to develop a well-rounded, adaptable, highly moral, and competitive individual. Achieving this requires

training teachers equipped with modern scientific and methodological knowledge to foster creativity and effective learning. The transition to updated educational content reflects a new stage in the development of the education system. The purpose of the article is to analyze the theoretical, methodological, psychological and pedagogical foundations of students' professional orientation, to determine the level of its study in domestic and foreign studies, as well as to reveal the essence of the profession concept in the context of modern updated educational content and requirements for the training of teaching staff. This article analyzes the level of research on vocational guidance of students in domestic and foreign studies and examines the pedagogical and psychological essence of the concept of profession. The nature and extent of research into student career guidance are determined by the current state of pedagogical, scientific, methodological, and psychological theories, as well as teaching practices. The multifactorial, structural, and systemic nature of any educational activity compels researchers to apply comprehensive methods to scientific analysis to study and identify patterns in the educational process.

Keywords: professional orientation, pedagogy, domestic science, profession choice, interest, education system

REFERENCES

- 1 Qazaqstan Respublikasynyñ «Bılım turaly» Zañy [Law of the Republic of Kazakhstan "On education"] // Almaty 2010.6 p. [in Kazakh]
- 2 Super D. E. A life-span, life-space approach to career development // Career choice and development. — San Francisco: Jossey-Bass, 1990. P.197–261 [in English]
- 3 Beisenova J.J. Joғary synyp oқuşıларының кәсіби өзіндік anyqталуындағы мамандық таңдаулары мен өзіндік бағалау ерекшеліктерін зерттеу [To study the features of career choices and self-assessment in the professional self-determination of high school students]. Psihologia ғылымдарының канд.дисерт / J.Beisenova; M.O.Äuezov atyn. Oñtüstik Qazaqstan mem. Un-tı; Ғыл.жет.:Jaқыпов S.M., Berdibaeva S.K.Almaty. 2004. 20 p. [in Kazakh]
- 4 Karibaeva G. M. Kәсіби іs-әрекеттің мотивациялық құрылымының ерекшеліктері : psihologia ғылымдарының кандидат ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисертация [Features of the motivational structure of professional activity: a dissertation prepared for the degree of candidate of psychological sciences] / G. M. Karibaeva ; ғылыми жетекші S. M. Jaқыпов. Almaty. 2003. 145 p [in Kazakh]
- 5 Qalymbetova E.K. Kәсіпке беімделу мен кәсіби мәнді құндылық бағдарларды қалыптастыру ерекшеліктері [Features of adaptation to the profession and the formation of professionally significant value orientations]. Psihol.ғыл.kand...dis./E.K.Qalymbetova ; Äl-Farabi atyn.Qaz.ültyq un-tı;ғыл.жетекші Jaқыпов S.M. Almaty. 2005.-148 p. Bibliogr. P.117-124 [in Kazakh]
- 6 Müsilimov Äli. Oқушыларды еңбекке даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері [Scientific and pedagogical foundations of labor training of students] Pedagogika ғыл.d-ry dis./Ä.Müsilimov; Qazaқтың Y.Altynsarın atyn.bılım.akad: Ғыл.кеңесші Momyńbaev B.K. Almaty, 2003. 350 p. [in Kazakh]
- 7 Mahanov T. Ş. Bolaşaq kәсіптік оқыту мүғалімінің оқушыларды конструкторлық-технологиялық іs-әрекетке баулуындағы кәсіби-педагогикалық іскерліктерінің үйісін қалыптастыру [Formation of a system of professional and pedagogical skills of the future teacher of vocational training in attracting students to design and technological activities]: Ped.ғыл.kand...dis/ T.Ş.Mahanov. M.O.Äuezov atyn. Oñtüstik Qazaqstan mem un-tı. Ғыл.жет: Müsabekov O.Ü, Kamalov İu.N. Astana, 2010. 195 p. [in Kazakh]
- 8 İsaeva K.R. Kәсіби бағдар беру жүйесін ұйымдастыру мүмкіншіліктері [Opportunities for organizing career guidance work] // Q. R. İsaeva, D. K. Bakei /QarMU habarşysy. Pedagogika seriasy. Vesti.QarGU.Ser.pedagogika. 2006. №3(43). P.18-23 [in Kazakh]
- 9 Mühambetjanova G.Z. Kәсіби бағдар беру [Professional orientation] // G.Z.Mühambetjanova. Bılım-İnfo.-2008. №1-2. P.48-51 [in Kazakh]
- 10 Umirzakova M.A. Kәсіби бағдар беруді тиімді ұйымдастыру-һалықты жүйесін қамтуының бір бағыты ретінде [Effective organization of career guidance as one of the areas of employment of the population] // M.A.Umirzakova. Izdenis.Gumanitarlyq ғылымдар seriasy. Poisk.Seria gumanitarnyh nauk. 2012. №4. P.43-47 [in Kazakh]
- 11 Äbişeva R. Kәсіби бағдар берудің көшбасшысы [Career guidance leader] // R.Äbişeva. Aiqyn. 2017. -15 nauryz №39 5 p. [in Kazakh]
- 12 Sadyrova M. S., Muhtarova K. S., Makaşeva K. N. Qazaqstan mektepterінің түлектері арасында кәсіптік бағдар беру жүйесі бойынша бılım беру практикасы: мәселелері мен шеşу жолдары [Educational practice on Career Guidance work among graduates of schools in Kazakhstan: problems and solutions] //Journal of Educational Sciences, Complementary Index 2024. P. 2520-2634[in Kazakh]
- 13 Metodika professional'nogo orientirovaniya shkol'nikov v usloviyah informatizacii obrazovaniya: monografiya [Methods of professional orientation of schoolchildren in the context of informatization of education: monograph] / O. Z. Imangozhina. Ros. akad. estestvoznaniya, Izdat. dom Akad. Estestvoznaniya. Nac. akad. obrazovaniya im. I. Altynsarina. - Moskva : Izd. dom Akademii estestvoznaniya, 2015. 147 p., il. Bibliogr. P.137-145 [in Russian]
- 14 Kәсіптік бағдар жүйесі жағдайында оқушылардың кәсіби өзін-өзі anyqtauын қалыптастыру мәселесі [The problem of the formation of professional self-determination of students in the context of Career Guidance work] // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL: Series Pedagogical Sciences, Complementary Index. Avtory: Nurkenova, G. K.,Gelişli, İu.,Mamerhanova, J. M 2024. 89 p. [in Kazakh]

- 15 Frank Parsons. Choosing a Vocation 1909 Бостон: Houghton Mifflin, 1909. 165 p [in English]
- 16 John Holland. Making a vocational choice 1973 Englewood Cliffs, NJ: Prentice-Hall, 1973. 160 p [in English]
- 17 Donald Super. The psychology of careers 1957 - New York: Harper & Brothers, 1957. 347 p [in English]
- 18 Eli Ginzberg. Occupational choice 1951 *An approach to a general theory*. - New York: Columbia University Press, 1951. – 220 p [in English]
- 19 Savickas M. L. Career construction theory // Career development and counseling: Putting theory and research to work / ed. by S. D. Brown, R. W. Lent. Hoboken, NJ: John Wiley & Sons, 2005. P. 42–70 [in English]
- 20 Anna Miller. Learning, decision, making Miller-Tiedeman, A. 1979. Career decision making and its evaluation. *Journal of Career Education*, № 5(4), P.15–20 [in English]
- 21 Tony Watts. Career guidance and public Policy, Watts, A. G. 2005. Career guidance and public policy. In B. Hiebert & J. Borgen (Eds.), *Career guidance and public policy: Bridging the gap* P.44–53 [in English]
- 22 Klimov E. A. Psihologiya professional'nogo samoopredeleniya, 4-e izdanie [*Psychology of Professional Self-determination, 4th edition*] Moskva: Akademiya, 2010. 10 p. [in Russian]
- 23 Markov A.K. Formirovanie motivacii ucheniya v shkol'nom vozraste [*Formation of learning motivation at school age*]: Posobie dlya uchitelya. - M.: Prosveshchenie, 1983. 96 p [in Russian]
- 24 Slastenin V. A. Pedagogika: Uchebnik i praktikum dlya vuzov 3-e izdanie, pererabotannoe i dopolnennoe [*Pedagogy: Textbook and Workshop for Universities, 3rd edition, revised and expanded*] Moskva: Izdatel'skij centr «YUrajt», 2025 goda. Obshchij redaktor V. A. Slastyonin P.100-105[in Russian]
- 25 Yakunin V. A. Psihologicheskie problemy professional'nogo samoopredeleniya [*Psychological problems of professional self-determination*] // Vestnik LGU. 1986. - Ser. 6 (Psihologiya, pedagogika), vyp. 3 P.89-95[in Russian]
- 26 Batyshev S. YU. Reforma professional'noj shkoly: Opyt, poisk, zadachi, puti realizacii [*Professional school reform: Experience, search, tasks, ways of implementation*] Moskva: Vysshaya shkola, 1987. 340 p [in Russian]
- 27 Feliks Raunér (Felix Rauner). Grundlagen beruflicher Bildung – Mitgestalten der Arbeitswelt. 2017. 89 p.; Berufliche Kompetenzdiagnostik mit COMET 2018 89 p.; Measuring and Developing Professional Competences in COMET 2021. 100 p. [in English]
- 28 Susanna Kraac (Susanne Kraatz). Career guidance in the digital context: trends in Germany» 2021. P. 56-61. [in English]
- 29 Piter F. E. Sloan (Peter F. E. Sloane). Modellversuchsforschung – Überlegungen zu einem wirtschaftspädagogischen Forschungsansatz. 1992. 123p. [in English]
- 30 Til'man Gryunenberg (Tillmann Grüneberg). Begabung und Studienwahl 2024. Elizabet Ponokni-Selirer (Elisabeth Ponocny-Seliger). PIAAC-Studie: Einfluss von Kindern auf berufliche Kompetenzen. 2014 P. 55-60. [in English]
- 31 Elizabet Ponokni-Selirer - 'Technical Communication in Assembly Instructions' Journal of Business and Technical Communication 2016. P. 55-60[in English]
- 32 Nurten Karadzhan-Özdemir (Nurten Karacan-Özdemir); Ersoj CHarkyty (Ersoy Çarkıt) - Karacan Özdemir, N. 2019. Qualitative exploration of career adaptability of Turkish adolescents. Australian Journal of Career Development, № 28(2).P. 62-70 [in English]

Information about the authors:

Yerkin Koyangaliyev - **corresponding author**, candidate of pedagogical sciences, senior lecturer at the department of «Fine arts and design», Atyrau university Kh. Dosmukhamedov, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: erkyn5@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-5754-8946>

Kamchat Zhumabayeva - Senior Lecturer, Department of Pedagogy, Psychology and Age Specific Development, Kokshetau State University named after Sh. Ualikhanov, Pedagogical Institute. Kokshetau, Republic of Kazakhstan

E-mail: zhumabaeva1995@list.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9199-763X>

Erkebulan Sharip - senior lecturer of the department of "Fine arts and design", Atyrau university Kh. Dosmukhamedov, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: erkebulan_280182@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-4959-9112>

Aitzhan Orazbakhov - Candidate of Historical Sciences, Korkyt Ata Kyzylorda University Educational program of History and Archeology, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan

E-mail: aorazbakov@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-5047-6265>

Информация об авторе:

Еркин Қоянғалиев – **основной автор**, кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры «изобразительного искусства и дизайна», Атырауский университет имени Х.Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: erkyn5@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-5754-8946>

Камшат Жумабаева – старший преподаватель, кафедры педагогики, психологии и возрастного развития Кокшетауского государственного университета имени Ш. Уалиханова. г. Кокшетау, Республика Казахстан

E-mail: zhumabaeva1995@list.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9199-763X>

Еркебулан Шәріп - старший преподаватель кафедры «изобразительного искусства и дизайна», Атырауский университет имени Х.Досмұхамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: erkebulan_280182@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-4959-9112>

Айтжан Оразбаков - кандидат исторических наук, старший преподаватель, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Республика Казахстан

E-mail: aorazbakov@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-5047-6265>

Авторлар туралы ақпарат:

Еркін Қоянғалиев – **негізгі автор**, педагогика ғылымдарының кандидаты, «бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының аға оқытушысы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: erkyn5@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-5754-8946>

Камшат Жумабаева – Педагогикалық институт, педагогика, психология және жас ерекшелік даму кафедрасының сеньор лекторы, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: zhumabaeva1995@list.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9199-763X>

Еркебулан Шәріп - педагогика ғылымдарының кандидаты, «бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының аға оқытушысы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: erkebulan_280182@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-4959-9112>

Айтжан Оразбаков - тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Қоркыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: aorazbakov@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-5047-6265>